

Элективті модульдер каталогының құрылымы мен мазмұнының үлгісі

Мамандық атауы және шифры: 6В02304–Филология: қазақ филологиясы

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2023

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
2 Модуль – Жалпы білімдік пәндер (35 академиялық кредит)				
ЖББП МК	Dsh 1106	Дене шынықтыру	3,4	4
ЖББП МК	PBVM 2107	Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері. Құқық негіздері және сыбайлас жепқорлыққа қарсы мәдениет. Экология және өмр қауіпсіздігі)	3	5
ЖББП МК	FIL 2108	Философия	3	5
4 Модуль- Әдебиеттану, әдебиет тарихы және тіл білімінің мәселері (24 академиялық кредит)				
БП ЖК	AK 1204	Әдебиеттануға кіріспе	3	5
БП ЖК	TKN 2205	Тілдік қатынас негіздері	3	4
БП ЖК	EDKA 2206	Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті	3	5
БП ЖК	KKTF 2207	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы	3	5
БП ЖК	KKTLL 2208	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	3	5
5 Модуль- Ұлттық руханият, Ғылыми зерттеу әдістемесі және филологияның негізгі бағыттары (27 академиялық кредит)				
БП ЖК	KAT 2209	XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы	3	5
БП ЖК	KKTSM 2210	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	3	4
БП ЖК	KAT 2211	XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы	3	5
БП ЖК	GZA 2212	Ғылыми зерттеу әдістері	3	5
БП ЖК	UR 2213	Ұлттық руханият	3	5
КП ЖК	PP	Өндірістік практика	4	3

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Әдебиеттануға кіріспе

Бағдарлама авторы: Обаева Г.С., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты:

Әдебиеттануға кіріспе пәнінің мақсаты – әдебиеттану ғылымы, оның басты мәні, мақсат-міндеттері, негізгі және жанама салалары турасында мағлұмат беру. Әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу, даму тарихына шолу жасау.

Пәннің қысқаша мазмұны:

Әдебиеттанудың болмысы мен бітімі (әдебиет туралы жалпы түсінік, әдебиеттану және оның даму кезеңдері, образ және образдылық) қарастырылады. Әдеби шығарманың сыры мен сипаты; әдеби дамудың мағынасы мен мәні (әдебиеттегі тек пен түр, әдеби бет пен бағыт), әдеби әдістер мен әдеби ағымдар зандылығы меңгертіледі. Көркем шығарманың мән-мазмұнын терең ұғыну және талдай алу дағдысы қалыптасады.

Пререквизиттері: Қазақ халық ауыз әдебиеті, Абайтану

Постреквизиттері: Ежелгі дәуірден ХІХғ.д. қазақ әдебиеті тарихы, Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) әдебиеттану саласы бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсінеді және көрсете біледі; В) әдебиеттану саласы бойынша теориялық білім элементтерін түсінеді; С) ғылыми-теориялық талдаулар жасау дағдыларын меңгереді. D) Әдебиет тарихы, теориясы, менеджменті саласында алынған нәтижелерге дербес зерттеулер жүргізе алады, түсіндіру әдістерін және тәсілдерін меңгереді; E) мәдениет, әдебиет туындыларына сараптама жасау аясында олардың мазмұндық, тілдік, стилистикалық ерекшеліктері тұрғысынан қазіргі заманғы көркем шығармашылықтың түрлі құбылыстарын терең зерделеуге арналған тәжірибелік технологияларды пайдалана отырып бағалайды; Әдеби, сыни, ғылыми негіздердің дерек көздерін өңдеп, талдауды меңгереді.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Тілдік қатынас негіздері

Бағдарлама авторы: Мұратбек Б.Қ., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Аталмыш пән тілдік қатынастың негізгі сипатын, құрамы мен басты қағидаларын, оны қолданудың әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тілдік қатынас негіздері жеке пән ретінде ұсыныла отырып, студенттердің теориялық білімі мен тәжірибелік дағдысын тереңдетіп, сөйлеу мәдениетіне байланысты іскерлігін қалыптастырады.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Түркітануға кіріспе

Постреквизиттері: Құрмалас сөйлем синтаксисі, Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Тілдік қатынас пәнінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттерін, тілдік қатынастың лингвистиканың өзге салаларымен байланысын оқытады; В) Сөйлесім, айтылым, жазылым, оқылым әрекеттері және оның өзіндік ерекшеліктері, ұқсастығы мен айырмашылықтарын тілдік тұрғыда ажырата алады; С) Оқушылардың коммуникативтік, тілдік, ақпараттық және т.б. құзіреттіліктерін қалыптастырады; D) Қатысымдық тұлғаларды ажырата біліп және оларды дұрыс пайдалана алады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті

Бағдарлама авторы: Ташимбаева С.Ж., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге мектеп бағдарламасынан жалпы мәлімет қана берілген ежелгі сақ-ғұн-түркілік әдеби мұраларымызды, олардан дамыған мемлекеттігіміздің дәуірлеген кездерінен, әйгілі ел билеушілеріміздің, ғұлама ғалымдардың, әлемге әйгілі ақындарымыздың әдебиеттегі ізінен біршама толық мәлімет беретін көне түркілік көркем сөзбен өрнектелген ой-жүйемізді, олардың тағылымдық қасиетін ұғындыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді игеру барысында студенттер әдебиетіміздің көне қатпары – сақ-ғұн-түрік дәуіріндегі үлгілерімен танысады. Түркі жұртының жазу-сызу, көне тарихи ескерткіштері, қала мәдениетінен тұратын түркі өркениеті болғандығына көз жеткізеді. Ежелгі әдебиет үлгілерінің кейінгі қазақ қоғамымен байланысын, рухани өміріндегі орнын анықтайды.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Шешендік өнер

Постреквизиттері: ХІХғ. және ХХғ. басындағы қазақ әдебиетінің тарихы, Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Қоғам, мемлекеттілік, халық, тобыр, тарихи тұлға, ел билігі, ел билеуші хан, хан сайлау мәселелері В) хорезматикалық, меритократия, майорат,

мирасқорлық, шынғысшылдық, ақ киізге көтеруді қарастыру С) фольклордың шағын түрлері, ертегі, мақал-мәтел, бата сөздер, жұмбақтар, аңыздар, батырлар жыры, қаралы өлең-жырлар, шешендік сөздер, тарихи жырлар, жырау поэзиясы, ақындар поэзиясы, жазба ақындар поэзиясы D) Бұрын қарастырылмай немесе біржақты қарастырылып келген әдебиеттің айтулы тұлғаларының шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысын бағалай білуі тиіс. E) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ тілі фонетикасы

Бағдарлама авторы: Садуақас Н.А., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл пән Тіл білімінің бір саласы – фонетика мен фонология, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясы туралы теориялық білім беруге арналған. Фонетика – тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Адамның пікір алысуына, бір-бірімен түсінісуіне қызмет ететін тіл – қарым-қатынас құралы, қоғамдық құбылыс. Тілдің дыбыс жүйесін жүйелі түрде зерттеп білу қажет. Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасын, өзіндік ерекшеліктері мен түрлерін, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тілдің дыбыс жүйесі, фонетика мен фонология, фонема, вариант, вариация, фонема саны, құрамы, фонетикалық ерекшеліктері, артикуляция-акустикалық жіктелуі, буын, дыбыстар тіркесі, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. теориялық заңдылықтары туралы.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Стилистика және тіл мәдениеті

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Жалпы тіл білімі

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Мәтіннің фонетикалық және интонациялық құрылымын түсіндіре алады. В. Мәнерлеп оқи алу, тілді тілдесім жағдайы мен қолданылатын аумағына сәйкес түрлендіреді; С. Дыбыстар үндесімін, буын түрлерін, дыбыстар тіркесімі мен игерілуін меңгереді; D. Фонетикалық талдау жасауға төселеді.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы

Бағдарлама авторы: Қарағұлова Б.С., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы» – жүйелі ғылыми-теориялық білім беруді мақсат ете отырып, оның болашақта зерттелуге тиіс мәселелеріне байланысты білімалушыларды ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыруды өзінің міндеті деп санайды. Курстың теориялық бөлімінде лексикология мен лексикографияның ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы мәліметтер беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы» пәні сөз және ұғым, мағына және оның түрлері, сөз мағынасының даму жолдары, сөздің мағыналық өзгерістерін, сөздердің шығу төркінін, сөздік құрамның толығу, даму жолдарын, ондағы кірме сөздердің алатын орнын, сөздердің тілде қолданылу сипатын зерттейді. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің осы замандағы дамуын, мағыналық және құрамдық түрлерін, тарихи арналары мен қат-қабаттарын, баю жолдарын, сөздердің экспрессивті-стилистикалық мәнін тексереді. Сондай-ақ лексикография саласында сөздіктердің зерттелу тарихы, құрамы мен құрылымы, қызметі қаралады.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Тіл білімінің негіздері

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазіргі қазақ тілі фонетикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Қазақ тілінің лексикологиясы саласының өзекті мәселелерін біліп шығады; В) Курстың теориялық бөлімінде лексикологияның ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы алған білімдерін практикада қолдана біледі; С) Тәжірибелік сабақтарда лексикалық талдаудың негізгі әдістерін меңгереді; D) Қазақ тілінің сөздік құрамы мен лексикографиясы туралы лексика-семантикалық, функционалды-стилистикалық тұрғыда теориялық тұрғыдан меңгереді; E) Белгілі бір мәселе төңірегінде өзіндік пікір айта алады.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тарихының аса бір елеулі кезеңі – қазақ хандығы тұсындағы қазақ сөз өнерінің ең бір құдіретті қазынасы – жыраулар поэзиясының жасалғандығымен таныстыру; әдебиет сахнасынан жыраулар орын алып, елдік пен ерлік мәселелерін көтере білгендігін көрсету; қазақ атымен аталатын әдебиеттің жасай бастаған уақыты қазақ хандығы құрылған уақытпен сабақтастырылатынын ашып көрсету.

Пәннің қысқаша мазмұны: ХҮ-ХҮІІІғ. қазақ әдебиетінің тарихында 15-18 ғасырлардағы жыраулар поэзиясы оқытылады. Мұнда 15 ғасырда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған 16 ғасырда өмір сүрген Доспамбет, Жиенбет 18 ғасырдағы Бұқар жырау, Ақтанберді жырау, Шал ақын сияқты қазақтың аса танымал ақын жырауларының шығармашылық өмірбаянымен олардың туындыларының тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктері туралы мәліметтер беріледі.

Пререквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, Ұлттық руханият

Постреквизиттері: XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Абайтану

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А.Қазақ тарихының аса бір елеулі кезеңі – қазақ хандығы тұсындағы қазақ сөз өнерінің ең бір құдіретті қазынасы – жыраулар поэзиясының жасалғандығымен таныстыру; В.әдебиет сахнасынан жыраулар орын алып, елдік пен ерлік мәселелерін көтере білгендігін көрсету; С.қазақ атымен аталатын әдебиеттің жасай бастаған уақыты қазақ хандығы құрылған уақытпен сабақтастырылатынын ашып көрсету; D.ежелгі әдебиетті көне дәуір тарихымен, өркениеттік ерекшеліктермен байланыстыру; E. хандық дәуір әдебиеті туралы терең білімді қалыптастыру.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы

Бағдарлама авторы: Жұмағалиева Р.Р., г.ғ.магистрі

Курсты оқытудың мақсаты: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениетталаптарына сайоқыту. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: XIX ғасыр әдебиет үлгісі түрі мол, сан жанрлы әдебиет. Олардың басты өкілдері: XIX ғасыр әдебиетінің аса көрнекті өкілдері бостандық рухты жырлаған Махамбет, Шернияз, зар заман әдебиетінің айтулы тұлғалары Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, әйгілі айтыс ақындары мен атышулы сал-серілер Біржан сал, Ақан сері, Әсет. Қисашыл ақындар, Қоқан езгісіндегі өңірдің әдебиет өкілдері Сүйінбай, Майлықожа, Базар, жазба әдебиет өкілдері Абай, Ыбырай, Шоқан. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра отырып, XIX ғасыр әдебиетінің дәстүрлі жыраулық және ақындық

поэзиямен сабақтастығы, көркемдік-стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық баяндалады.

Пререквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, Ұлттық руханият

Постреквизиттері: XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Абайтану

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды көркемдік ерекшелігіне қарай саралай отырып, онда қолданылған поэтикалық әдіс-тәсілдерді талдау; В. XIX ғасырдағы әдеби шығармалардың мәтіндерімен таныс болу. С. XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдай алады; тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XIX ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдау жасап, оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсете біледі; D. пән бойынша қамтылатын әдеби шығармаларды романтизм, реализм көркемдік әдістерінің ұлттық және жалпыадамзаттық сарындар жүйесімен (зар заман, діни-исламдық, ағартушылық ағымдар) тектестігін және өзгешеліктерін саралайды. Е. осы дәуір ақын-жырауларының шығармаларын жатқа біледі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы: Исакова С.С., ф.ғ.к., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: «Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мақсаты - магистранттарды ғылыми зерттеуге қойылатын негізгі талаптармен, сонымен бірге жалпығылыми және тіл білімінің кең тараған зерттеу әдістері мен тәсілдерін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс магистранттарға қазіргі тіл біліміндегі ғылыми зерттеу әдістерін меңгертуге көмектеседі. Ұсынылып отырған курстың міндеті магистранттарға қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің маңызды процедураларын меңгерту, материалды жинау және өңдеудің мүмкін жолдарымен таныстыру және ғылымда қол жеткен жетістіктерді пайдалану. Сонымен бірге магистранттарды ғылыми ойды жеткізу мен дәлелділікке қойылатын талаптармен таныстырудың маңызы зор, өйткені ғылыми зерттеу белгілі бір өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы

Постреквизиттері: Абайтану, Құрмалас сөйлем синтаксисі

Оқытудан күтілетін нәтижелер А) қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің маңызды процедураларын меңгереді; В) материалды жинау және өңдеудің мүмкін жолдарымен танысады; ғылымда қол жеткен жетістіктерді пайдалануға үйренеді; С) магистранттарды ғылыми ойды жеткізу мен дәлелділікке қойылатын талаптармен танысады; ғылыми зерттеудің өлшемдерімен танысады; D) магистранттарды ғылыми ойды жеткізу мен дәлелділікке қойылатын талаптармен таныстыру; E) ғылыми зерттеудің өлшемдерімен таныстыру.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Ұлттық руханият

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова А.Ж., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Адамның рухани дамуы мәдениетте үлкен рөл атқарады. Өйткені, руханилығы жоғары адамдары бар қоғам ғана жоғары дамыған мәдениет жасай алады. Жеке адамның рухани дамуы халықтың санасымен, психологиясымен, саяси белсенділігімен ұштасып жатады. Қоғамның қалыпты рухани дамуы әлеуметтік құрылымға, әр түрлі топтарға, олардың әрекет аясына өзгерістер енгізеді. Мәдениетті адам рухани бастаулардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптасуы мүмкін.

Пәннің қысқаша мазмұны: Руханият адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт, мәдени дәстүрлер, ғылым, білім арқылы келеді. Мәдениет әр түрлі құндылықтардың бірлігі ретінде адамды рухани бостандыққа жетектейді. Рухани құндылықтар өмірге

мағына береді, болашаққа жол ашады. Руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар. Рухани мәдениет адамның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты, қадірі, адамшылығы, ұяттылығы, тәрбиелігі, зиялылығы, қарапайымдылығы арқылы көрінеді. Адамның адамгершілік қасиеттерінің жоғарлығы- руханилықтың негізі.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттері: Абайтану, Ежелгі дәуірден ХІХғ.д. қазақ әдебиеті тарихы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Мәдениетті адам өзінің мәдени деңгейін үнемі арттырады, В) Әр істе жоғары саналылық танытады, С) Дүниежүзілік әдебиет және көркемөнер жетістіктерімен үзбей танысып отырады, D) Рухани байлығы мол адам ғана шын мәдениеттің дамуына үлес қоса алады Е) Адамгершілік қасиеттерді қастерлейді, рухани мұраттар мен құндылықтарды ұстанады.